

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Середина урока	Ой түрткі. Ширату жаттығуы. «Өсімдіктер әлемі» бейнефильмінен үзінді көрсетемін. Ой шақыру сұрақтарын қоямын. - Өсімдіктер әлемі туралы не білесіңдер? - Қазақстанда өсетін қандай өсімдіктерді білесіңдер? -Қазақстанда өсетін қандай өсімдіктерді білесіңдер? -Қостанай өңірінде өсетін өсімдіктерді білесіңдер? Сөздікпен жұмыс «Шатасқан әріптер» ойыны. Сөзді дұрыс жаз. Қызыл кітапқа енгізілген (өімсікд) ерекше қорғауға алынады. Көптеген өсімдіктер (жойыпыл) кетуі мүмкін. Грейг қызғалдағы өте (рсики) кездесетін түр. Дәрілік шикізат ретінде бәйшешектің (апыржағы) тамыр – сабақтары және тамырдың өзі пайданылады. Оқылым. «Тізбектеп оқу» әдісі бойынша 2 мәтінді мұқият оқу. Оқушылар мәтінді абзацтарға бөліп оқиды. Өсімдіктердің маңызы Адамзат тіршілігінде өсімдіктердің маңызы өте зор. Ерте заманнан-ақ ата-бабаларымыз өсімдіктерді танып-біліп, жеміс-жидектерін азыққа, жапырақ, тамырларын дәрі-дәрмекке, тері илеуге, түрлі нәрселерді бояуға пайдаланған. Өсімдіктер - оттек бөлуші, табиғат көркі, дәрілік шикізат, мал азығы, тағамдық өнім. Республика аумағында өсімдіктердің 5600 түрі кездеседі, оның ішінде 758 түрі қазақ топырағында ғана өсетін өсімдіктер. Сонымен қатар өлкемізде сонау ерте дәуірлерден бері жойылып кетпей, бізге жеткен өсімдіктердің көптеген түрлері де өседі. мысалы, Шарын шатқалындағы шаған тоғайын, Қаратаудағы тобылғыларды айтуға болады. Қазақстан флорасының 312 түрі ағаштар мен бұталар, олар жинақталып, тоғайлар мен орман алқаптарын құрайды. Мал азығына жарамды шалғынды жайылымдықтар мен шабындықтар да баршылық. Қазіргі кезде жерімізді толып жатқан себептерге байланысты өсімдіктер түрлері сиреп бара жатыр. Мәселен, изен, жусан, сексеуіл, қараған, тобылғы, бәйшешек, қызғалдақ секілді өсімдіктер қазір жойылып бара жатқан өсімдіктердің қатарында. Грейг қызғалдағы. Грейг қызғалдағы немесе таудың жабайы қызғалдағы. Бүгінде Грейг қызғалдағы Қазақстанның "Қызыл кітабына" енгізілген. Табиғат жанашырлары қызғалдақтың жойылып кету қаупі төнгенін айтып жүр. Жылына бір-ақ рет небәрі 10-15 күн ғана гүлдейді. Грейг қызғалдағын "жауқазындар падишасы" деп те атайды. Бұл гүлдер Қаратау, Алатаумен шектесіп жатқан өңірлердің таулы аймақтарында жиі кездеседі. Бокал тәрізді гүлінің ұзындығы 8 сантиметрге дейін жетеді. Әрі жапырақтары да өте ірі. Қызғалдақтың бұл түрі тек өзінің әсемдігімен ғана емес, емдік қасиеттерімен де ерекшеленеді. Мәселен, оның кей бөліктері бас ауруы, бауыр ауруларына ем. Қызғалдақтың негізгі Отаны Қазақстан екенін әлем ғалымдары мойындап отыр. Ғалымдардың айтуынша, қызғалдақтың тұқымы Ұлы Жібек жолы арқылы Қазақстаннан Түркияға, одан ары қарай Голландияға жеткен. Мамандар қызғалдақтарды түбімен қазып алып, сатып пайда таппақ болғандардың кесірінен гүл падишасы мүлдем жойылып кете ме деп қауіптенеді. Оқылымнан кейінгі жұмыс. Жаңа сөздерді қайтала. Оқушы өтілген жаңа сөзді аудармасымен айтады, сөз тіркесін немесе сөйлем құрайды. Дескриптор. Оқушылар жаңа сөздерді меңгерген, аудармасын біледі. Сөз тіркестерін, сөйлемдер құрайды. ҚБ. Бас бармақ әдісі арқылы бір-бірін бағалайды. 1-тапсырма. «Сұрақ- жауап» әдісі. Мәтін бойынша сұрақ-жауап беру. Дескриптор. Сұрақтарға жауап береді, мәтінде көтерілген мәселелерге пікір білдіреді. ҚБ. Мадақтау сөздер арқылы бағалау. 2-тапсырма. «Пазл» стратегиясы бойынша қиылған сөздерден 5 сөйлем, сөйлемдерден 2 мәтін бөлігін, мәтін бөліктерінен мәтінді құрайды. Дескриптор. Мәтін мазмұнын түсінеді, сөйлемдерді, мәтінді дұрыс құрады. ҚБ. Көңіл-күй арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.	бейнефильмі http://www.anatili-almaty.kz https://bilimland.kz/ru/subject/kazah-tili/8-synyp/zhojylyp-bara-zhatqan-zhanuarlardy-zhane-osimdikterding-ahymdahy-zhahdajy?mid=%info%

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Конец урока	Бес жолды өлең (бестармақ) стратегиясы арқылы «өсімдік» немесе «гүл» сөзіне синквейн құрандар. Бірінші жолда 1 зат есім Екінші жолда 2 сын есім Үшінші жолда 3 етістік Төртінші жолда 4 сөзден тұратын сөйлем яғни ойды түйіндеу Бесінші жолда тақырыпқа байланысты 1 синоним сөз жазылады Өзіңді тексер айдары! Сұрақтарға жауап береді.	https://bilimland.kz/ru/subject/kazah-tili/8-synyp/zhojlyp-bara-zhatqan-zhanuarlardy-zhane-osimdikterding-ahymdahy-zahdajy?mid=%info%
Рефлексия	Кері байланыс. Оқушылар кестені толтырады. Не білдім? Не білемін? Не білгім келеді?	